

Өйткені түрлі су жолы-физикалық қасиеттеріне байланысты ыза суалры бетінің булануы және орналасу тереңдігінің сандық атаулары, әсіресе арид аймақтарындағы тұздалған топырақтардың мәні зор.

There is the lack of reliable experimental data obtained for soils with different water-physical properties for regulation of water-salt regime during exploitation period.

Therefore it is necessary to just by the preventing methods of salination, methods of regulation of water-salt regime in soil formation progress and transference of salts in soils, mathematical imitation on of these processes.

Since the quantitative determination of the depth and evaporation from the surface of the subsoil waters, depending on various water-physical properties is of great importance for salinated soils in arid zones.

ӘОЖ 630*3

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ОБЛЫСТАРЫНДА ОРМАН ПАЙДАЛАНУДЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

THE MAIN DIRECTIONS OF A LESOPOLZOVANIYE DEVELOPMENT IN THE SOUTHERN AREAS OF KAZAKHSTAN

**Тіленов А.
A.Tlenov**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Орманның адам мен қоршаған орта үшін маңызы зор. Ол – отын қоры, аң мен құстың мекені, дәрі-дәрмек, жеміс-жидек алынатын өсімдіктер панасы, қолайлы тіршілік ортасы. Аң аулау мен мал өсіру, шөп шабу халықтың тұрмыс тіршілігінде ерекше орын алатын ертеден келе жатқан кәсіптердің бірі. Жеміс-жидектер мен дәрілік шөптер жинау да пайдалы іс. Шипажайлар мен сауықтыру кешендерінің, демалыс орындарының тек қана орманды жерлерде салынуы да тектен тек емес. Сондықтан орман пайдалану – оның әр түрлі байлығы мен пайдалы қасиеттеріне байланысты халықтың мұқтаждығын азайтуға қажет кәсіп болып табылады. Негізінен оны орман шикізатын, экологиялық және әлеуметтік пайдасын адам қажеттігіне жарату шарасы деп түсіну керек.

Орман пайдалануды ұйымдастырудың құқықтық тәртібі ҚР Парламенті бекіткен ҚР Орман кодексінде белгіленген [1], ал оны жүргізу тәртібі аталған кодекс негізінде жасалған әртүрлі ережелерде көрсетіледі [1,2,3,4,...10]. Ол жеке аймақтардың табиғатына, климатына, орман қорының ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Мысалы, Қызылорда облысында шөлді алқап басым болғандықтан онда сексеуілді ормандар өседі. Олар әсіресе қой малы үшін жақсы жайылым және отындық көз болып табылады. Ал Жамбыл облысы мен Оңтүстік Қазақстан облысында орман пайдаланудың тек мал жаю мен отын жину түрі ғана емес, сондай-ақ басқа да түрлері (дәрілік шөп жинау, бал ара ұясын қою, аңшылық, шөп шабу) кездеседі. Оның сыртында бұл облыстарда орманды туристік және рекреациялық мақсатта пайдалану да дами бастады.

Жалпы алғанда Қазақстанның оңтүстік облыстарының орман қорында орман ресурстарының көптеген түрлері қалыптасқан. Сондықтан бұл үлкен аймақта олардың сақталуын қамтамасыз ету және тиімді орман пайдалануды ұйымдастыру орманшылықтың өзекті мәселесі болып табылады.

Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы орман қорында орман пайдаланудың нақты бірнеше түрі дамыған: сүрек дайындау, шөп шабу, мал жаю, аң шаруашылығы, ара ұялары

мен омарта орналастыру, бау-бақша шаруашылығы және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, дәрілік шөптер мен техникалық шикізаттар, т.б. заттарды жинау.

Олардың кейбірі бұрын ақысыз пайдаланылған. Тек 2003 жылдан бастап Орман Кодексінде орман пайдаланудың барлық түрлері ақылы болатындығы былай көрсетілген (8 бөлім, 17 тарау, 105 бап):

1. Мемлекеттік орман қорын пайдалану ақылы түрде жүзеге асырылады. 2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысы орман пайдаланудың Қазақстан Республикасының салық заңдарында [11] көзделген жекелеген түрлері үшін алынады. 3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысы ормандардың пайдалы қасиеттері, сапасы, жалпы пайдаланылатын жолдардан кеспе ағаштар аймағының қашықтығы, жер бедері және ағаш кесу түрлері ескеріле отырып белгіленеді. 4. Мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкалары, оны есептеу және оның сомаларын төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес айқындалады. Орман пайдалану түрлерінің ішінде қазірге дейін ең маңыздысы ағаш сүректерінен жарамды ағаш материалдарын және отын дайындау болып табылады. Ағаш адамға қашан да керек. Оған қоса бүгінгі таңда ағаштан жасалған тауарлар әртүрлі және кеңінен таралған. Сондықтан орман шаруашылығы адам өміріне қажеттілігіне байланысты бұрыннан бері үздіксіз дамыған сала екенін ұмытпаған жөн.

Орман пайдалану дұрыс ұйымдастырылған жағдайда ормандардың сүректен басқа өнімдерін де (саңырауқұлақ, жидек, дәрілік шөп, т.б.) жинау, сондай-ақ орман қорындағы жерлерді жайылым, шабындық ретінде пайдалану халыққа үлкен пайда әкеледі. Себебі Қазақстанның оңтүстік облысының орман қоры мал шаруашылығы үшін қорек базасы болып табылады. Сол себепті аталған облыс тұрғындарына шабындық пен жайылым өте қажет.

Бүгінгі таңда орман пайдаланудың ішінде туристік сала қарқынды дамып келе жатқан секторлардың бірі болып табылады. Әсіресе оны спортқа байланыстыра дамыту өзекті. Оған қоса оңтүстік облыстардың ормандарын рекреациялық мақсатта пайдалануды күшейту қажет. Ол үшін ұлттық парктер санын көбейте түсу керек және оларды тек жаз айында ғана емес, басқа мезгілдерде де, мысалы, қыс айларында да пайдаланатындай ету дұрыс. Мысалы, қысқа спорттық және рекреациялық сауықтыру қолға алынса, біртіндеп халық қызыға түседі. Ол үшін алдымен тау бөктері мен жоталарға аспалы жолдар салынып, шаңғы тебуге жағдай жасалуы қажет. Былайша айтқанда, қазіргі заманға сай техникамен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұған біраз қаражат керек. Дегенмен бұл мәселе шешілсе, көптеген адамдар таза ауаға балаларымен келіп, шаңғы тебуге қызығушылық танытар еді. Мұндай нәтиже оңтүстіктегі облыстарымыздың туристік мәртебесін көтерері ақиқат.

Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы орман қорында ормандардың көп бөлігін туристік мақсатта пайдалану табысты көбірек беріп, Қазақстан Республикасының экономикасының дамуына да зор үлес қосар еді. Сонымен қоса ол халықаралық, үкіметаралық байланыстарды да нығайтар еді.

Сондықтан орманды жерлерде туризм мен спортқа аса көңіл бөліп, оларды дамытуға ерекше жағдай жасайтын мезгіл жетті.

Біздің елімізде жалпы орман пайдалануды қалай дамыту керек, ол қандай табыс әкелетіндігін көпшілік біле бермейді. Орман пайдаланудың әр түрлерін жүргізу мемлекетімізге қомақты табыс әкеледі және жергілікті тұрғындардың бірқатарын жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазірге дейін оңтүстік облыстарда мал жаю, шөп шабу, бал ара ұясын қою кеңінен тараған. Бұл да табыс көзі, бірақ олар әлі аз. Ал көпшілікке тиімдісі – оларды жұмыспен қамту жағы, демалу орындарын көбейту және пайда әкелетін түрлерін қарастыру. Былайша айтқанда орман пайдалануды кеңейте түсіп, жергілікті халық пен мемлекетіміздің жағдайын дұрыстау.

Әрине бұл іс қомақты қаржы салуды талап етеді. Бірақ оның қайтарымы жоғары, әрі жергілікті тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыратыны анық. Сондықтан Қазақстан Республикасының оңтүстік аймағында орман пайдалануды әрі қарай жедел және ерекше ден қойып дамыту керек.

1. Қазақстан Республикасының Орман кодексі. –Алматы, 2004, -72 с.
2. Об утверждении Правил проведения тендеров по предоставлению лесных ресурсов на участках государственного лесного фонда в долгосрочное пользование. Постановление Правительства РК от 13.01.2004 г. № 32
3. Об утверждении Правил пользования участками государственного лесного фонда для культурно-оздоровительных рекреационных, туристических и спортивных целей. Постановление Правительства РК от 22.12.2003 г. № 1286
4. Об утверждении Правил отпуска древесины на корню на участках государственного лесного фонда. Постановление Правительства РК от 22.12.2003 г. № 1287
5. Об утверждении Правил пользования участками государственного лесного фонда для научно-исследовательских целей. Постановление Правительства РК от 25.12.2003 г. № 1317
6. О запрете рубок главного пользования в хвойных и саксауловых насаждениях на участках государственного лесного фонда и мерах по их сохранению. Постановление Правительства РК от 23.04.2004 г. № 460
7. Об утверждении Правил побочных лесных пользований на территориях государственного лесного фонда Республики Казахстан. Приказ Председателя Комитета лесного и охотничьего хозяйства МСХ РК от 10.11.2004 г. № 238.
8. Об утверждении Правил сенокошения и пастьба скота на участках государственного лесного фонда. Приказ и.о. Председателя Комитета лесного и охотничьего хозяйства МСХ РК от 28.02.2005 г. № 46
9. Правила образования и использования средств государственных учреждений лесного хозяйства. Постановление Правительства РК от 30.09.2003 г. № 1003
10. Об утверждении Правил оказания платных видов деятельности по реализации товаров (работ, услуг) государственными учреждениями в сферах лесного хозяйства и особо охраняемых природных территорий. Постановление Правительства РК от 27.04.2009 г. № 586
11. Кодекс Республики Казахстан о налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс). –Алматы, ТОО Изд. «Норма-К» 2009. -520 стр.

В статье указаны основные виды лесопользования, получившие развитие в южных областях республики. Отмечено, что их объемы незначительны и поэтому мало доходны. Предлагается кроме традиционных видов интенсивно развивать лесопользование для целей туризма, спортивных мероприятий и рекреации.

The paper identifies the main types of forest, were developed in the southern regions of the country. It is noted that their volumes are small and therefore low-income. It is proposed in addition to traditional forms of intensive forest management razvivad for tourism, sport and meropriaty rekratsii.